

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚҚА МҮШЕ ЕЛДЕРДІҢ
COVID – 19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ**

Самархан Гүлия Айдосқызы

guliya.samarkhan23@gmail.com

2 курс студенті, «Қаржы» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Нұр – Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Жағыпарова А.О.

Аннотация: Мақалада жаһандық сын – қатерге айналған коронавирус пандемиясы кезеңіндегі ЕАЭО елдерінің экономиканы тұрақтандыруға, кәсіпкерлікті қолдауға арналған шаралары қарастырылған. Пандемия әлем елдерінің экономика секторында айқын көрініс тапты, бұл жағдайды ЕАЭО елдері фискалдық саясаттың көмегімен реттеуді ұстанды, яғни салық жеңілдіктерін енгізді.

Салықтық жеңілдіктер салықтық реттеу мен басқаруда маңызды құрал болып табылады. Салықтық жеңілдіктер ынталандырушы және әлеуметтік функцияларды жүзеге асыруға арналған. Ел экономикасында салықтық жеңілдіктердің көмегімен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне әсер етіп, қолайлы бизнес-климат жасайды. Белгілі салыққа сәйкес келетін салық жеңілдіктері оларды салықтық реттеудің басқа құралдарынан ерекшелетін белгілерге және нысандарға ие. Осы тәсілдемелер негізінде қолданыстағы салық заңнамасына сай ЕАЭО елдерінде қолданылатын салық жеңілдіктерін сыныптауға болады.

Тірек сөздер: ЕАЭО, салық жеңілдіктері, пандемия, салық, республикалық бюджет, бюджет тапшылығы.

Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттер жаңа коронавирустық инфекцияның таралуының салдарын алдын алуға бағытталған саясатты іске асыруға көшті, бұл бірінші кезекте экономикалық қызметтің қажетті тоқтатылуы және табыс деңгейінің төмендеуі жағдайында халық пен бизнесті қолдауға, сондай – ақ ұлттық денсаулық сақтау жүйесін қосымша күшейтуге сайып келеді.

ЕАЭО елдерінің Үкіметтік бағдарламаларының маңызды бөлігі қазіргі уақытта ең көп зардап шеккен салаларға, әсіресе шағын және орта кәсіпорындарға көмек көрсету болды. Фискалдық саясаттың негізгі бағыттары халықтың түрлі топтарының табыс деңгейін қолдау, жұмыспен қамтуды қолдау, кредиттік берешекке қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді жеңілдету және бизнеске салық жеңілдіктерін енгізу болды.

Салық жеңілдіктері – бұл салық төлеушінің салық ауыртпалықтарынан босатылуы немесе салық салу режиміне қарағанда оның экономикалық реттеу әдістерінде салықтарды қолдау арқылы салық жеңілдіктері әлеуметтік мақсатта ұсынылуы [1]. Салық жеңілдіктері кәсіпорын қызметтеріне төмендегі жолдар арқылы әсерін тигізеді, олар:

- өтімділікті жоғарылату;
- өндірілетін өнім түрін көбейту; бюджеттің кіріс бөлігін болжамдауға қатысу;
- кәсіпорындардағы керексіз және нәтижесіз өнімдерді қысқарту;
- ғылыми – техникалық прогрессті ынталандыру;
- табыстарды жинақтау мен пайдалану мақсатын толықтыру;
- экологиялық режимді сақтау және кәсіпорындардан басқа салаларды дамыту.

Экономиканы дамытудағы салық жеңілдіктерінің тек ынталандыру үшін емес, тұрақтандыру үшін де қажет. Салық жеңілдіктері бойынша механизмді қолдану тиімділігі мемлекеттің ішкі салықтарының орнын, олардың өзгерту заңдылықтарын, қарама – қайшылықтарын ескеруге байланысты шараларындағы базистік қатынасты құрудың әмбебап құралы болып табылады.

Салық жеңілдіктері бойынша қабылданған шаралар, жалпы экономикалық жағдай сияқты, әлемдік экономиканың өсу қарқынына теріс әсер ететіні, сондай-ақ бүкіл әлемдегі

көптеген ұйымдардың қызметін қалыпты жүргізу үшін қиындықтар туғызатыны анық. Бизнеске енгізілген шектеулерге байланысты өмір сүруге мүмкіндік беру үшін Еуразиялық экономикалық одақ құрамындағы елдер өздерінің салық резиденттері болып табылатын компанияларға шұғыл салық жеңілдіктерін енгізуді жариялады.

ЕАЭО елдерінің қабылдаған шаралары:

1. Армения Республикасы:

- біріншіден, салықтарды төлемеген кезде тұрақсыздық айыбының күнделікті мөлшерлемесі 0,075% - дан 0,04% - ға дейін төмендеді;
- екіншіден, салық органының басшысы салық төлеушінің мүлкіне тыйым салу туралы өкім шығаруға құқылы төленбеген салықтардың сомасы өсті [2].

2. Беларусь Республикасы

- жергілікті бюджеттерге төленетін салықтарды кейінге қалдыру және бөліп төлеу: жергілікті билік органдары 2020 жылдың 1 сәуірінен 30 қыркүйегіне дейін жергілікті бюджеттерге төленуі тиіс салықтарды төлеу мерзімін ұзартуға құқылы;
- салық шегерімдері сомасы мен ҚҚС жалпы сомасы арасындағы айырманы бюджеттен қайтару мерзімін қысқарту;
- жер салығын және жылжымайтын мүлік салығын кейінге қалдыру;
- ЖК – мен бірінғай салық: бірінғай салық төлейтін ЖК салық салудың өзге режиміне көшуге құқылы [3].

3. Қазақстан Республикасы

Барлық салықтар бойынша (әлеуметтік жарналарды қоса алғанда) 3 айға (27 наурыз бен 1 маусым аралығындағы кезең үшін) кейінге қалдыру ұсынылды. Осы кезең ішінде өтелмеген салықтық, кедендік және әлеуметтік міндеттемелер бойынша мәжбүрлеп орындату рәсімдері тоқтатылды. Бұдан басқа, қоғамдық тамақтану секторларында, сауданың, Көлік қызметтерінің, консультациялық қызметтердің, IT-қызметтердің, қонақ үй бизнесі мен туризмнің жекелеген секторларында қызметін жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпорындар үшін 1 сәуір мен 1 қазан аралығындағы кезеңде еңбекақы төлеу қорынан салықтар мен төлемдер есептелмейді және төленбейді [4].

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша микро және шағын бизнес үшін салық төлеуге және оларға тексеру жүргізуге мораторий енгізілді. Мораторий нәтижесінде 3 жылдың ішінде 100 мыңға жуық тексеріс өткізілмейді.

4. Қырғыз Республикасы

2020 жылы 1 сәуірде «Кейбір заңнамалық актілерге еңсерілмейтін күш жағдайларына байланысты әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» №33 Заң қабылданды, оған сәйкес еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде үкіметтің салық саясаты саласындағы өкілеттіктері кеңейтілді [5].

Сондай-ақ, осы Заңмен салық төлеушілерге мынадай преференциялар берілді: салық төлемдері бойынша кейінге қалдыру, есеп беру мерзімін ұзарту, санкциялардың күшін жою, жалдау төлемдері бойынша кейінге қалдыру, бюджеттік кредиттер бойынша кейінге қалдыру.

5. Ресей Федерациясы

Экономиканың ең көп зардап шеккен ШОБ саласының салық төлеу мерзімін 3-6 айға қосымша кейінге қалдыруға құқылы. Салық төлемдері мен әлеуметтік жарналарды кейінге қалдыру/бөліп төлеу:

- табыстың 10% - дан астамға төмендеуі;
- түсімнің 10% - дан астамға төмендеуі;
- ҚҚС салынатын операциялар бойынша түсімді 10% - дан астам мөлшерлеме бойынша төмендету;
- 2020 жылдың есепті кезеңдері үшін шығынды алу (егер өткен жылы шығын болмаған болса) осы жағдайларда ғана күшіне енеді [6].

Кесте 1 – ЕАЭО елдерінің 2018 – 2020 жылдар бойынша республикалық бюджеті, млрд. АҚШ доллары

	қаңтар – қыркүйек, 2018 ж.	2018 ж.	қаңтар – қыркүйек, 2019 ж.	2019 ж.	қаңтар – қыркүйек, 2020 ж.
Армения	1957,2	2776,8	2386,4	3261,0	2220,6
Беларусь	8454,8	11935,9	8462,5	11624,3	6748,0
Қазақстан	20298,1	25897,2	20280,6	28023,5	20494,3
Қырғызстан	1394,6	1967,1	1401,1	2127,5	1190,6
Ресей	227144,2	309407,2	231226,3	312118,5	187972,3

Ескерту - [7] дерек көзі негізінде құрастырылған.



Сурет 1 – ЕАЭО елдерінің республикалық бюджет кірістерінің өсу қарқыны, (өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен)

Ескерту - [8] дерек көзі негізінде құрастырылған.

2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында республикалық бюджет ЕАЭО-ға мүше барлық елдерде тапшылықпен орындалды. Сонымен бірге, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда Армения, Беларусь, Ресейде бюджет профициті тапшылықпен ауыстырылды. Қазақстанда және Қырғызстанда бюджет тапшылығы сәйкесінше 2,3 және 4,6 есеге өсті.

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда барлық ЕАЭО-ға мүше елдерде бюджет кірістерінің төмендеуі байқалды.

Кесте 2 – ЕАЭО елдерінің 2018 – 2020 жылдар бойынша республикалық бюджетке түскен салықтар, ұлттық валютаның млрд. бірлігі

	қаңтар – қыркүйек, 2018 ж.	2018 ж.	қаңтар – қыркүйек, 2019 ж.	2019 ж.	қаңтар – қыркүйек, 2020 ж.
Армения	904,4	1284,4	1099,2	1495,3	1035,9
Белоруссия	22,7	31,5	23,9	33	23,7
Қазақстан	7682,1	11090,9	7294,3	12053,7	6852,1
Қырғызстан	85,2	116,6	86,1	121,5	73,2
Ресей	16854,3	23601,4	20871,9	28338,4	18032

Ескерту - [7] дерек көзі бойынша құрастырылған.

2020 жылдың 9 айындағы салықтық түсімдер 2019 жылдың тиісті кезеңіне пайызбен шаққандағы үлесі 5 елде де төмендеген. Арменияда бұл көрсеткіш 94,2%, Беларусьте – 99,1%, Қазақстанда – 93,9%, Қырғызстанда – 85,0%, Ресейде – 86,4% құрады.

Жалпы дүниежүзі елдерінің бюджетінің қайнар көзі салықтық түсімдер болып табылады. Коронавирустық пандемия уақытында салықтар бюджетті аздап болса да сүйреп келді. Десе де, салықтық жеңілдіктердің, мораторий жарияланымдарының енгізілуіне сәйкес, статистикалық деректер көрсеткендей, республикалық бюджет біраз қаражаттан қағылды.

- Пандемия кесірінен Қазақстан Республикасының бюджеті 1 триллион 100 миллиард теңге салық кірісінен қағылған [9].

- Ресей Федерациясының шоғырландырылған бюджетіне 21,01 трлн.рубль түсті, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 7,6% -ға аз [10].

- 2020 жылдың қаңтар – қыркүйек айларында Беларусь Республикасының бюджетіне 23 698,3 млн.рубль салық кірістері түсті. 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда түсімдер 11,0% - ға азайды [11].

- Қырғыз Республикасында қарастырылып отырған кезеңдегі салық кірістерінің көлемі 53,4 млрд сом немесе жоспарлы көрсеткіштің 80,5% - ын құрады, яғни 12,9 млрд сом сомасындағы салық кірістері толық түспеді. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда салық кірістері 16,8% - ға немесе 10,7 млрд сомға төмендеді [12].

- 2020 жылы Армения Республикасында мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдері 1 трлн 385,2 млрд драмды құрады, бұл бюджет туралы заңда қарастырылған көрсеткіштен шамамен 60 млрд драмға артық [13].

Салық жеңілдіктері салық салудағы фискалдық және ынталандырушы функцияларды орындайды. Олардың көмегімен мемлекет салық төлеушілердің санаттарын дамытуға мүмкіндік береді, өйткені салық жеңілдіктерін пайдаланған кезде төлеушінің қолдағы табысы артады. Сонымен, болашақта мұндай салық төлеушілерден салық түсімдері артады.

Бір жағынан, жеңілдіктер механизмі біздің салық салу жүйемізге экономикада оңтайлы жұмыс істеу үшін икемді болуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, жеңілдіктер беру қалған салық төлеушілердің ауыртпалығын күшейтеді, жеңілдетілген салаларды бақылауды қиындатады және бюджет қаражатының пассивті жұмсалыуына әкеледі.

Қорытындылай келе, пандемия кезінде ЕАЭО елдерінде салықтық жеңілдіктердің саны өте көп, бірақ олардың көпшілігі тиімсіз, заңнамалық базаны жетілдіруді және салықтық шығыстарды төмендетуді талап етеді. Осы орайда мемлекеттер салықтық жеңілдіктер беру тетігін жетілдіру жөнінде ауқымды жұмыс жүргізуі тиіс. Бәлкім, кейбір салықтық жеңілдіктерді нақтылы мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе нақты салаларды басқа да тәсілдермен ынталандыру, шетел тәжірибесін қолдану. Сондықтан, Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі салық жүйесі экономика жағдайына бейімделіп, әлемдік тәжірибеге сай болуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңы (Салық Кодексі)

2. «Обзор антикризисных мер, применяемых государствами-членами ЕАЭС в период пандемии коронавирусной инфекции COVID-19»: Центр макроэкономических исследований НИФИ Минфина России

3. Беларусь Республикасының Салықтар және алымдар жөніндегі министрлігінің ресми сайты: <http://nalog.gov.by/ru/>

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/msb-osvobozhdaetsya-ot-nalogov-i-socialnyh-platezhey-do-1-oktyabrya-tg-mne-rk?lang=ru>

5. Қырғыз Республикасының Әділет министрлігінің ресми сайты: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/112023?cl=ru-ru>

6. «Экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Ресей Федерациясы Үкіметінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 409 қаулысы

7. Еуразиялық экономикалық одақтың мемлекеттік қаржы статистикасы. 9 ай 2020 ж. статистикалық бюллетень; Еуразиялық экономикалық комиссия.

8. «Бюджеттердің атқарылуы және мемлекеттік борыш туралы жедел ақпарат», Еуразиялық экономикалық комиссия.

9. 2020 жыл бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың баяндамасы.

10. <https://tass.ru/ekonomika/10723387>

11. «О состоянии государственных финансов Республики Беларусь»: Министерство финансов Республики Беларусь

12. <https://knews.kg/2020/08/20/v-gosbyudzhnet-kyrgyzstana-nedopostupilo-8-9-mlrd-somov-dohody-snzilis-na-10-1/>

13. <https://armenpress.am/rus/news/1040342/>

УДК 33.336.3

ПРОБЛЕМЫ И ВОЗМОЖНОСТИ ВНЕДРЕНИЯ ОТКРЫТЫХ ИННОВАЦИЙ В ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

Серікбек Қазыбек Құрманұлы

kazybek.serikbek@mail.ru

Студент 3-го курса специальности «Финансы» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,

Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – Зағыпар Г.А.

Аннотация. На современном этапе развития инновационного мира важнейшим ресурсом является интеллект работника организации. Это связано с глобализацией экономики и конкуренцией, распространением информационных технологий, общей интеграцией рынка труда, увеличением скорости распространения информации, сокращением жизненного цикла инноваций.

В статье рассматривается возможность адаптации концепции открытых инноваций в Республике Казахстан.

Ключевые слова: открытые инновации, экономика, инновационное развитие, Казахстан.

Введение. Инновационная экономика обусловлена этапным сохранением и развитием достижений предыдущих этапов на более высоком уровне. В то же время информация и знания являются инструментами и объектами труда для творческого мышления. Новые идеи с большим социальным и экономическим эффектом, как правило, являются результатом проявления креативности в мышлении. В современном мире экономика во многом формируется под влиянием глобальных технологических сдвигов, от которых в том числе и Казахстан не может оставаться в стороне. По мнению казахстанских ученых Ф. М. Днишева и Ф. Г. Альжанова, проблемы современного технологического уклада определили своевременность и актуальность применения в области управления Казахстанской модели открытых инноваций, которые заключаются в следующем:

- Увеличение масштабов и интенсивности ускорения международного обмена знаниями и технологиями привело к появлению концепции "техноглобализма";

- Усиливается роль внешних факторов, технологического развития любой национальной экономики;

- Важным элементом глобальных экономических отношений становится межстрановая передача (трансферт) технологий;

- В своей наиболее активной части - торговле патентами и лицензиями - она растет в последние годы гораздо быстрее, чем нормальный оборот международной торговли;